

2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 18/209-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 4305 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне", "аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне" деген сөздер тиісінше "аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне" деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 10.01.2018 № 18/209-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 8-бабының 2-тармағына, 75-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 500 976 911 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 25 135 451 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 3 665 938 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 10 000 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 472 165 522 мың теңге;
- 2) шығындар – 498 357 459 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 7 002 784 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 8 759 725 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 1 756 941 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 2 701 960 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 2 701 960 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – 7 085 292 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 7 085 292 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 12.12.2018 № 33/346-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2018 жылға жеке табыс салығы және әлеуметтік салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу нормативтері:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне:

- Бәйдібек ауданының – 73,5 пайыз;
 - Жетісай ауданының – 39,0 пайыз;
 - Қазығұрт ауданының – 45,5 пайыз;
 - Келес ауданының – 100,0 пайыз;
 - Мақтаарал ауданының – 39,0 пайыз;
 - Ордабасы ауданының – 84,8 пайыз;
 - Отырар ауданының – 77,9 пайыз;
 - Сайрам ауданының – 38,5 пайыз;
 - Сарыағаш ауданының – 42,0 пайыз;
 - Созақ ауданының – 62,9 пайыз;
 - Төлеби ауданының – 45,9 пайыз;
 - Түлкібас ауданының – 98,2 пайыз;
 - Шардара ауданының – 46,8 пайыз;
 - Арыс қаласының – 62,0 пайыз;
 - Кентау қаласының – 81,0 пайыз;
 - Түркістан қаласының – 55,9 пайыз;
 - Шымкент қаласының – 51,3 пайыз;
- облыстық бюджетке:
- Бәйдібек ауданынан – 26,5 пайыз;
 - Жетісай ауданынан – 61,0 пайыз;
 - Қазығұрт ауданынан – 54,5 пайыз;
 - Мақтаарал ауданынан – 61,0 пайыз;
 - Ордабасы ауданынан – 15,2 пайыз;
 - Отырар ауданынан – 22,1 пайыз;
 - Сайрам ауданынан – 61,5 пайыз;
 - Сарыағаш ауданынан – 58,0 пайыз;
 - Созақ ауданынан – 37,1 пайыз;
 - Төлеби ауданынан – 54,1 пайыз;
 - Түлкібас ауданынан – 1,8 пайыз;
 - Шардара ауданынан – 53,2 пайыз;
 - Арыс қаласынан – 38,0 пайыз;
 - Кентау қаласынан – 19,0 пайыз;
 - Түркістан қаласынан – 44,1 пайыз;
 - Шымкент қаласынан – 48,7 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне - 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша Кентау және Түркістан қалаларының басқа аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне - 50 пайыз;

Кентау қаласының бюджетіне - 93,1 пайыз;

Түркістан қаласының - 38,9 пайыз;

облыстық бюджетке Кентау және Түркістан қалаларының басқа аудандардан (облыстық маңызы бар қалалардан) - 50 пайыз;

Кентау қаласынан - 6,9 пайыз;

Түркістан қаласынан - 61,1 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша Келес, Сарыағаш және Түлкібас аудандарынан басқа аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне - 50 пайыз;

Келес ауданының бюджетіне – 100,0 пайыз;

Сарыағаш ауданының – 57,2 пайыз;

Түлкібас ауданының – 100 пайыз;

облыстық бюджетке Келес, Сарыағаш және Түлкібас аудандарынан басқа аудандардан (облыстық маңызы бар қалалардан) - 50 пайыз;

Сарыағаш ауданынан - 42,8 пайыз болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 09.11.2018 № 31/336-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. 2018 жылға облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін субвенциялар мөлшерінің жалпы сомасы 207 803 121 мың теңге болып қарастырылсын, оның ішінде:

Бәйдібек ауданына	8 507 193	мың теңге;
Қазығұрт ауданына	13 540 493	мың теңге;
Мақтарал ауданына	30 892 508	мың теңге;
Ордабасы ауданына	11 787 430	мың теңге;
Отырар ауданына	8 105 013	мың теңге;
Сайрам ауданына	18 614 684	мың теңге;
Сарыағаш ауданына	30 099 007	мың теңге;
Созақ ауданына	5 387 899	мың теңге;
Төлеби ауданына	10 988 126	мың теңге;
Түлкібас ауданына	8 755 756	мың теңге;
Шардара ауданына	9 046 263	мың теңге;
Арыс қаласына	8 232 191	мың теңге;
Кентау қаласына	7 250 698	мың теңге;
Түркістан қаласына	25 687 087	мың теңге;
Шымкент қаласына	10 908 773	мың теңге.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Түркістан облыстық мәслихатының 27.07.2018 № 28/310-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеуге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға;

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға;

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге;

ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;

заңнаманың өзгеруіне байланысты төмен тұрған бюджеттерге өтемақыға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 4 тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 10.01.2018 № 18/209-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 21.06.2018 № 25/281 -VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); Түркістан облыстық мәслихатының 28.08.2018 № 29/314-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

облыстың білім басқармасы;

облыстың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы;

облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы;

облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша;

облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 20.03.2018 № 21/243-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.06.2018 № 25/281-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттерінің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға;

көлік инфрақұрылымын дамытуға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 21.06.2018 № 25/281-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттерінің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы;

облыстың құрылыс басқармасы бойынша.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

8. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кредиттер қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:
тұрғын үй жобалауға және салуға;
мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін.

Көрсетілген кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 20.03.2018 № 21/243-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

8-1. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен нысаналы трансферттер түсімдері қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша мөлшерлемелердің азаюына және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға көшіруге байланысты;
облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен көрсетілген трансферттердің түсімдерін бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Шешім 8-1 тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 10.01.2018 № 18/209-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 28.08.2018 № 29/314-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Облыс әкімдігінің 2018 жылға арналған резерві 400 000 мың теңге сомасында бекітілсін.

10. 2018 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқарылуы процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2018 жылға азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

12. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

2018 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 12.12.2018 № 33/346-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты	Атауы		Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
1	2		3
		I. Кірістер	500 976 911
1		Салықтық түсімдер	25 135 451
	01	Табыс салығы	12 109 964
	2	Жеке табыс салығы	12 109 964
	03	Әлеуметтік салық	11 465 485
	1	Әлеуметтік салық	11 465 485
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 560 002
	3	Табиғи және басқада ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 213 002
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	347 000
2		Салықтық емес түсімдер	3 665 938
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	329 572
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	16 460
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер	254 794
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	56 045
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 273
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 369 821
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және	

		қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 369 821
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	966 545
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	966 545
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	10 000
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000
4		Трансферттердің түсімдері	472 165 522
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	18 915 287
	2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	18 915 287
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	453 250 235
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	453 250 235
Функционалдық топ Атауы			Сомасы , мың теңге
Функционалдық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бюджеттік бағдарлама			
1	2	3	
		II. Шығындар	498 357 459
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 395 308
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 631 768
	110	Облыс мәслихатының аппараты	87 235
		001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	78 504
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 731
	120	Облыс әкімінің аппараты	2 139 583
		001 Облыс әкімнің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 838 980
		004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	94 810
		009 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	43 246
		013 Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	162 547
	282	Облыстың тексеру комиссиясы	404 950
		001 Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	358 509
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	46 441
	2	Қаржылық қызмет	240 834
	257	Облыстың қаржы басқармасы	145 386

		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	142 907
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 479
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	95 448
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	73 348
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	22 100
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	238 638
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	238 638
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	228 356
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	90
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	10 192
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	284 068
	269		Облыстың дін істері басқармасы	270 927
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 088
		004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 750
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	230 089
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	13 141
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	13 141
02			Қорғаныс	2 374 630
1			Әскери мұқтаждар	698 720
	120		Облыс әкімінің аппараты	698 720
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	53 144
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	645 576
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 675 910
	120		Облыс әкімінің аппараты	997 689
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	122 398
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	875 291
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	211 966
		002	Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту	211 966
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	466 255
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	431 155
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	35 100
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	12 906 059

1		Құқық қорғау қызметі	12 331 579
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	12 272 486
		001 Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 045 332
		003 Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 647
		006 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 027 253
		013 Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	92 532
		014 Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	97 089
		015 Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	6 633
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	59 093
		003 Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	59 093
9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	574 480
	738	Облыстың отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқармасы	574 480
		001 Жергілікті деңгейде отбасы институтын күшейту, гендерлік теңдік, әйелдердің, балалар мен жастардың құқығы мен заңнамалық мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	230 328
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 991
		004 Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	297 641
		032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	41 520
04		Білім беру	62 649 135
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	566 638
	261	Облыстың білім басқармасы	566 638
		027 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	566 638
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	38 027 255
	261	Облыстың білім басқармасы	15 466 090
		003 Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 858 304
		006 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	3 833 412
		053 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	142 550
		056 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	354 096

	071	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7 871 248
	072	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	406 480
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	18 704 025
	079	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	18 478 600
	086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	225 425
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	3 857 140
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	3 424 539
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	432 601
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	15 735 010
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	640 494
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	624 869
	044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	15 625
	261	Облыстың білім басқармасы	14 183 156
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	14 183 156
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	911 360
	099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	911 360
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	3 022 053
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	264 898
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	264 898
	261	Облыстың білім басқармасы	2 757 155
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	2 757 155
6		Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	9 764
	261	Облыстың білім басқармасы	9 764

		057 Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	9 764
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	5 288 415
	261	Облыстың білім басқармасы	5 288 415
		001 Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	156 256
		005 Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	109 232
		007 Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	442 417
		011 Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	537 613
		012 Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	99 912
		013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	14 308
		019 Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	20 742
		029 Әдістемелік жұмыс	124 093
		067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 655 044
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 128 798
05		Денсаулық сақтау	24 840 041
	2	Халықтың денсаулығын қорғау	7 721 824
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 605 142
		006 Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	143 338
		007 Салауатты өмір салтын насихаттау	310 621
		041 Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	1 151 062
		042 Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	121
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	6 116 682
		038 Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	6 116 682
3		Мамандандырылған медициналық көмек	6 451 132
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	6 451 132
		027 Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	6 451 132

5		Медициналық көмектің басқа түрлері	44 444
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	44 444
	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	44 444
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	10 622 641
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	10 622 641
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	186 531
	008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	189 992
	016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	59 055
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	86 949
	023	Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	103 097
	033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	9 997 017
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	18 911 682
	1	Әлеуметтік қамсыздандыру	11 790 185
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	11 095 968
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	583 006
	012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	265 807
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 230 167
	014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	472 892
	015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	349 948
	049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8 007 069
	056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	187 079
	261	Облыстың білім басқармасы	127 019

		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	113 122
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	13 897
	738		Облыстың отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқармасы	567 198
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	530 753
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	36 445
2			Әлеуметтік көмек	2 140 728
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 140 728
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	2 137 931
		055	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 797
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	4 980 769
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	4 871 264
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	147 835
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	170 965
		037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде , еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 351 926
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	38 453
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	718 060
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	75 600
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	368 425
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	26 780
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	26 780
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 736
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 736
	270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	77 989

		001 Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	76 389
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 600
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	31 935 599
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	15 434 986
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	15 433 986
		014 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	13 145 865
		027 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 288 121
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 000
		008 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 000
	2	Коммуналдық шаруашылық	16 500 613
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	16 500 613
		001 Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	129 650
		010 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 182 415
		030 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	8 776 367
		032 Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	1 978 643
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	380 263
		114 Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	2 053 275
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	15 844 434
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	3 713 030
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	38 613
		016 Мәдениет объектілерін дамыту	38 613
	740	Облыстың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы	3 674 417
		001 Жергілікті деңгейде мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	63 591
		003 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	6 574

		004	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	350 888
		005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 086 382
		006	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	466 475
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	1 373 484
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	97 263
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	229 760
2			Спорт	9 426 969
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	775 233
		017	Спорт объектілерін дамыту	775 233
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	8 651 736
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52 745
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	246 474
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	7 632 393
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	450 565
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	269 559
3			Ақпараттық кеңістік	2 124 125
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	942 283
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	942 283
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	149 359
		018	Мұрағат объектілерін дамыту	149 359
	739		Облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы	667 520
		001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, архив ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	198 795
		003	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	409 660
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	29 250
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	29 815
	740		Облыстың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы	364 963
		008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	364 963
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	580 310
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	311 063
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	311 063
	286		Облыстың туризм және сыртқы байланыстар басқармасы	269 247

		001 Жергілікті деңгейде туризм және сыртқы байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 644
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 780
		004 Туристік қызметті реттеу	201 823
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	21 861 924
	1	Отын және энергетика	4 208 290
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	137 161
		019 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	137 161
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 071 129
		007 Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	4 000
		011 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 833 422
		081 Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	233 707
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	17 653 634
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	17 653 634
		070 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	17 583 398
		071 Газ тасымалдау жүйесін дамыту	70 236
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	29 032 448
	1	Ауыл шаруашылығы	25 766 124
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	25 757 751
